

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласы  
білім бөлімінің «№15 балабақшасы» КМҚК.

Ересек «Ботақан» тобында балалармен бірге салауатты өмір сүруін қалыптастыра отырып, ауа-райына байланыста жылы күні қысқы серуенге шығады. Серуенде балаларды тәрбиелеу және дамытудың негізгі шарты біруақытта ақыл-ой және тәжірибелік іс-қимылдарды қатар меңгеру. Серуендегі күнделікті бақылау балалардың табиғат әлемі туралы білімдерін толықтырады, адамдардың еңбектері туралы, бір-біріне деген қарым-қатынастары туралы, эстетика туралы біліп үйренеді. Бақылау – серуеннің ең негізгі компоненті болып табылады. Балаларды шамасына қарай еңбекке баулу үлкендердің еңбегін бақылаумен бірге қоса жүргізіледі. Балалар үлкендердің еңбек процесіне араласып бірге істегенге ұмтылады, қорытынды сына қуанып шаттанады. Балалардың еңбекке деген іс-қимылдары да, серуеннің құрылымының компоненті болып табылады.

